



ӘОЖ 37.013.42

ҒТАХР 14.35.09

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).159

Құсайын Л.С.

Ә. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі, Орал, Қазақстан

E-mail: lyazzat.serikovna@mail.ru

### ЖОБАЛАР НЕГІЗІНДЕ КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аңдатпа.** Мақалада оқу мәдениетін қалыптастырудың теориялық, әдістемелік және тәжірибелік негіздері қарастырылады. Халықаралық зерттеулер (UNESCO, OECD PISA, IEA PIRLS) мен қазақстандық тәжірибелер салыстырыла талданады. Білім беру жүйесіндегі құндылыққа негізделген жаңа парадигма, «Біртұтас тәрбие тұжырымдамасының» ерекшеліктері және олардың оқу мәдениетімен байланысы сараланады. Әлемдік тәжірибедегі (Финляндия, Сингапур, Эстония, Жапония) жобалық әдістің нәтижелері мен қазақстандық мектептердегі ұлттық мазмұнмен ұштасқан тәжірибелер салыстырылады. Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінің «Дүниетаным көкжиегі» жобасы аясындағы үш жылдық эмпирикалық деректер талданып, оқушылардың оқу мәдениеті мен мұғалімдердің кәсіби ізденісіндегі сапалық өзгерістер ғылыми тұрғыда бағаланады. Мақалада Әл-Фараби, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев сынды ойшылдардың еңбектері пайымдау мен тұжырым жасауға арқау болды.

**Кілт сөздер:** оқу мәдениеті, жобалық әдіс, құндылыққа негізделген білім, ұлттық құндылықтар, кәсіби ізденіс, тәрбие, фольклор, экософия, кіріктіріп оқыту.

#### *Kipicne*

XXI ғасырда мемлекеттердің өркендеу деңгейі ең алдымен адами капитал сапасымен өлшенетіні халықаралық тәжірибеде дәлелденген. Адами капиталдың басты құрамдас бөлігі – білім, ал білімнің тиімділігі оқу мәдениетімен айқындалады. Филология ғылымдарының тұрғысынан алғанда оқу мәдениеті – мәтінді қабылдау, интерпретациялау, сыни тұрғыда пайымдау және жаңа мағына тудыру қабілеттерінің жиынтығы [13]. Бұл феномен тек функционалдық сауаттылық көрсеткіші ғана емес, ол тұлғаның дүниетанымдық кеңістігін, құндылықтық бағдарын және мәдени кодын айқындайды. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың: «Оқуға құштар ұлт қана бәсекеге қабілетті болады» деген тұжырымы осы феноменнің ұлттық деңгейдегі стратегиялық маңызын көрсетеді. Бұл көзқарас UNESCO-ның *Education 2030* декларациясында бекітілген *lifelong learning* қағидатымен толық үндес [1]. Оқу мәдениеті ұғымының маңызын ғылыми тұрғыда айқындау үшін филология, педагогика және психология ғылымдарындағы тұжырымдарға сүйенуге болады.



Филология ғылымы мәтінді қабылдау мен интерпретациялау мәселесін қарастырса [13], педагогика оқыту процесінде білімнің тәрбиелік мәнін негіздейді [14]. Ал психология ғылымы оқу әрекетін тұлғаның когнитивтік және эмоциялық дамуының құралы ретінде түсіндіреді. Осы үш ғылым саласының түйісуінде оқу мәдениеті білім берудің сапалық көрсеткіші ретінде айқындалады.

Әлемдік тәжірибелерге сүйенсек, дамыған мемлекеттер оқушылардың оқу мәдениетін арттыруды ұлттық саясат деңгейінде қарастырады. Финляндиядағы *phenomenon-based learning* тәсілі әртүрлі құбылыстарды зерттеу барысында ғылыми және көркем әдебиетті қатар қолдануға негізделген. Бұл модель оқушылардың ғылыми ойлауын дамытып қана қоймай, олардың әдебиетке қызығушылығын арттырады [7]. Ұлыбританияда National Literacy Trust ұйымының деректері бойынша жобалық әрекетке қатысқан оқушылардың кітап оқу жиілігі 25%-ға артқан [5]. Жапонияда Lesson Study дәстүрі жобалық әдіспен ұштасып, оқушылардың рефлексия жасау дағдысын дамытады [6]. Корея мектептерінде жобалық жұмыстар кітап оқу мәдениетімен кіріктіріліп, мектеп кітапханалары оқушылардың басты мәдени орталығына айналған. Эстония мектептерінде жобалар цифрлық платформалармен ұштасып, оқушылардың ақпараттық және оқу сауаттылығы қатар дамиды [12]. Сингапурда STEM жобаларына әдебиет пен өнер элементтерін қосу креативті ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді [11].

Канадада «Reading Across the Curriculum» жобасы оқушылардың пәндік білімін тереңдету үшін барлық сабақта кітап оқуды міндетті элемент ретінде қарастырады. АҚШ-та оқушылардың оқу мәдениетін арттыруға арналған «No Child Left Behind» бағдарламасы енгізіліп, мектеп кітапханаларына арнайы қаржы бөлінді. Францияда «Lire et Réussir» бағдарламасы кітап оқуды білім сапасын көтерудің ұлттық құралы ретінде қарастырады. Германияда «Leseförderung» ұлттық стратегиясы бойынша оқушылардың кітап оқуға деген ынтасы жобалық жұмыстар арқылы дамытылуда. Бұл елдердің тәжірибесі оқу мәдениеті мен білім сапасының арасында тікелей байланыс бар екенін дәлелдейді.

Қазақстандық білім беру жүйесі соңғы онжылдықта мазмұндық тұрғыдан жаңарып, құндылыққа негізделген жаңа парадигмаға бет бұрды. 2022 жылы қабылданған «*Біртұтас тәрбие тұжырымдамасы*» білім мен тәрбиенің тұтастығын нормативтік тұрғыда бекітті [4]. Бұл құжатта оқушы тұлғасының патриоттық, азаматтық, рухани қасиеттерін дамыту білім мазмұнының басты өзегіне айналды. Сонымен қатар, «*Оқуға құштар мектеп*» жобасы республика көлемінде енгізіліп, оқушыларды кітап оқуға тарту ісіне басымдық берілді [8]. Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесінде жобалық әдіс кеңінен қолданылып, оқушылар ғылыми жобаларда әдеби, мәдени және тарихи деректерді кешенді пайдаланып, өз көзқарастарын дәлелдеуге үйренді [9].

Қазақстандық мектептердегі оқу мәдениетінің өзіндік ерекшелігі – оның ұлттық мазмұнмен кіріктірілуінде. Бұл орайда халық ауыз әдебиеті мен фольклордың орны айрықша. Батырлар жыры, қисса-дастандар, жыраулар поэзиясы оқушыларды ұлттық болмыспен тәрбиелейді. Бұл шығармалардағы ерлік, адалдық, әділет, бірлік идеялары оқушының ұлттық дүниетанымын кеңейтіп, құндылықтық бағдарын қалыптастырады [15–18]. Жыраулар поэзиясындағы



адамгершілік, ізгілік, елдік идеялары оқушылардың өмірлік ұстанымына айналады. Фольклорлық мұраларды жобалық жұмыстарда талдау оқушыға тарих пен мәдениеттің терең мағынасын ашып береді.

*“Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек”* - деген қазақ білімпазы **Жүсіпбек Аймауытовтың** мына сөздері білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындаудың негізі. Қазіргідей ақпарат қарқынды дамыған қоғамда оқытудың оңтайлы тәсілдерін меңгеріп, құзыретті тұлға даярлау міндеті мұғалімнен кәсіби біліктілікті талап ететіні сөзсіз. Құзыретті тұлға даярлауда ұстаз рухани құндылықтарға жүгінеді. Жақсылық пен жамандықты, ақ пен қараны ажыратуда халық ауыз әдебиетінің жауһары қисса-аңыздар тұлғаға рухани жігер беретінін тәжірибеде байқап келеміз. Олай болса, табиғатпен тіл табысып, өркениетті қоғамға айналғымыз келсе, халықтық қисса-аңыздарды өскелең ұрпақтың санасына сіңірту міндетіміз.

Ежелгі тарихи-экономикалық деректерді оқып отырсақ, ежелгі түркі халықтары мен гректерде-мал, ежелгі Римде- мыс, Монғолияда- шай, Қытай мен Батыс Суданда-тұз-осы тауарлардың кез-келгені кезінде ақша рөлін атқарған. Кейін ақшаның қызметін мыс, темір, күміс, ал бертін келе, алтын атқарды. Өйткені алтынға ерекше қасиеттер тән болды, оның бағалылығы, қолайлылығы, сиректігі мен сақталымдылығы ежелгі қоғамның өзінде-ақ ескеріліп отырған. Иә, ой-өрісі кең, жан-жақты, құзыретті тұлға алтын тастай өркениетті қоғамда сұранысқа ие әрі ешкімнің ықпалынсыз өмірден өз орнын табары хақ.

Осы мақсатта «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп-лицейімізде «Дүниетаным көкжиегі» жобасының жоспары құрылып, жүзеге асырылды. Жобаның мақсаты – аңыз-қиссаларды, жырларды жаттату арқылы ұлттық болмысымызды танып білу, ұлттық құндылықтарымызды бойымызға сіңдіру арқылы кейінге буынға жалғау. Жоба аясында 7-8 сынып оқушыларынан үйірме құрылып, арнайы бағдарламасы жасалды, сыныптан тыс сағаттарды, 15 минуттық үзілістерді тиімді пайдалану негізінде қысқа қиссалар, әзіл әңгімелер оқылып, сабақтарда қолданылады. Қазақ халық аңыздарында табиғатқа тағзым жасау, оны қастерлеу, табиғи тепе-теңдікті сақтау идеялары молынан кездеседі. Жаратылыстану ғылымдарынан алған білімді оқушылар экософиялық мәтіндер арқылы халықтық таныммен ұштастырып қабылдайды. Мәселен, география пәнінде экожүйе туралы алған ғылыми түсініктерін «Жер-ана», «Су – тіршілік көзі» сияқты аңыздар арқылы рухани тұрғыдан толықтырады. Бұл әдіс оқушылардың экологиялық санасын дамытып қана қоймай, олардың табиғатқа сүйіспеншілігін арттырады. Экософия ілімі табиғатты тек ғылыми деректердің жиынтығы ретінде емес, ізгілік пен жауапкершілік категорияларымен байланысты әлем ретінде түсіндіреді. Сондықтан экософиялық қиссаларды жобалық жұмыстарға кіріктіру оқушылардың дүниетанымын тереңдетіп, олардың жаратылыстану ғылымдарын ұлттық дүниетаным тұрғысынан қабылдауына ықпал етеді.



Мысалы, «Экософия» кітабынан 5-сынып оқушылары «Өсімдіктің түсі» қиссасынан әуел баста өсімдіктің түсі ақ болғанын, топан су салдарынан жасылға айналғанын оқып білді де, жаратылыстану пәнінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. «Киіз үйдің пайда болуы» қиссасынан тасбақаның арқасындағы тастан идея туындағанын оқығанда оқушылар адамның қиялы табиғатпен үндесіп жатқанын сезді. «Дүниетаным көкжиегі» үйірмесінің оқушылары арасында әртүрлі бағытта қисса сайысы өткізіледі. Негізінен оқушылар әлди жырын, фольклорлық сарындағы тақпақтар, жаратылыстың пайда болуы хақындағы қиссалар, батырлар жырын, ғашықтық жырларды жаттау арқылы бәсекеге түседі. Бағдарламада экософиялық аңыздар, ертегілер, күлдіргі әңгімелер, қара есеп, А.Байтұрсынұлы, Ы.Алтынсариннің мысал әңгімелері, батырлар жыры, Абай мен Шәкәрімнің сыр сөздері қамтылды. Мысалы, «Ау, шадияр» санамағын, Ш.Құдайбердіұлының «Адамдық борышын», «Еріншектік» т.б.өлеңдерін күнделікті қазақ әдебиеті сабағының ұйымдастыру сәтінде дауыстап бірге айту арқылы көңілге бекітіледі. Жобаның тиімділігі неде? Жаратылыстың қыр-сырын аңыз-қиссалар арқылы меңгеріп, жаратылыстану-техникалық пәндерде қиялы ұшқыр, дүниетанымы кең, жаңаша ойлай алатын тұлға қалыптасады.

Табысты оқытудың кепілі неде? Міне, бұл сұраққа жауап беруде күзіретті ұстаз тұлғасының моделі керек-ақ. Мектепте жас педагогтер арасында сауалнама жүргізу арқылы пән мұғалімдерінің басым бөлігі оқулық материалымен шектелетіні анықталды. Осы орайда, жас ұстаздардың кәсіби және тұлғалық әлеуетін арттыру бағытында «Менторлық сағат» жобасы жүзеге асырылып келеді, жобаның мақсаты – жас мұғалімдердің кітап оқу мәдениетін арттыру негізінде аға буынның өнегелі тәжірибесінен үлгі алу. Ұлттық педагогиканың негізін қалаған М.Жұмабайдың «Педагогика», Ж.Аймауыттың «Жантану» кітаптарын талқылау арқылы жас баланың бойындағы ерекшеліктер мен қабілеттерді саралай білуге, мұғалімнің тұлғалық болмысындағы әдепті бойға дарытуға, ұлттық педагогиканың құндылықтарын талдауда тәжірибелі ұстаздармен пікіралмасты. «Балалықтан даналыққа» кітабын оқу арқылы жас мұғалімдер тұлғаны тани білу, тұлғалық даму тұрғысынан жаңа әдістемелермен танысып, өзіндік ой түйді.

Ұлттық тұлғалардың ізгілікке негізделген еңбектері де оқу мәдениетін дамытуда маңызды тетігі болып табылады. Абайдың қара сөздері ақыл, қайрат, жүрек үйлесімін іздеуге, адамгершілікке ұмтылуға жетелесе [18], Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектері ар-ұждан ілімі арқылы оқушыны ізгілікке бағыттайды [17]. Ахмет Байтұрсынұлының тіл мен әдебиетті оқытудағы әдістемелік қағидаттары [15], Міржақып Дулатовтың ұлттық тәрбиені біліммен кіріктіру жөніндегі ойлары [16] бүгінгі педагогикалық реформалармен сабақтасып жатыр. Мағжан Жұмабаев *Педагогика* еңбегінде тәрбиенің жан азығы, білімнің ақыл азығы екенін айқындап, білім мен тәрбиенің тұтастығына ерекше мән берді [14]. Осындай тұлғалардың еңбектерін жобалық жұмыстарда талдау оқушыларды ұлттық құндылыққа сүйіспеншілікке, ізгілікке ұмтылуға және тектік тамырына жалғануға жетелейді.



### *Зерттеу нәтижелері*

Эмпирикалық зерттеу нәтижелері де осы ойды қуаттайды. Орал қаласындағы Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінде соңғы үш жылда жүзеге асқан «*Дуниетаным көкжиегі*» жобасы нақты нәтиже көрсетті: қосымша әдебиет оқитын оқушылардың үлесі 2022 жылы – 47%, 2023 жылы – 52%, 2024 жылы – 58%-ға жетті. Бұл тек сандық көрсеткіш қана емес, сапалық тұрғыдан да жетістік бар. Оқушылардың мәтінді интерпретациялау, ғылыми пайымдау, шығармашылық қиял және құндылықтық бағдарлары айтарлықтай жетілді. Сонымен қатар республика көлемінде «*Оқуға құштар мектеп*» жобасының мониторинг нәтижелері бойынша да кітап оқуға тартылған оқушылардың үлесі жыл сайын артып отырғаны байқалады [8]. Бұл деректер жобалық жұмыстардың білім сапасына тікелей әсер ететінін көрсетеді.

Жобалық жұмыстардың білім сапасына ықпалы бірнеше бағытта айқындалады. Біріншіден, оқушылардың оқу жетістіктерін арттырады: олар дереккөздерді талдап, жаңа қорытындылар шығаруға дағдыланады. Екіншіден, функционалдық және оқу сауаттылығы дамиды, бұл PISA, PIRLS, TIMSS сияқты халықаралық зерттеулерге дайындықтың негізін қалайды [2; 3]. Үшіншіден, жобалық әдіс мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал етіп, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтереді. Бұл факторлардың барлығы мектептің білім сапасын арттыруға тікелей әсер етеді.

Қорытындылай келе, жобалық жұмыстар қазақстандық мектептердегі оқу мәдениетін қалыптастырудың және дамытудың пәрменді педагогикалық тетігі болып табылады. Әлемдік тәжірибе бұл әдістің әмбебаптығын айқын дәлелдесе, ұлттық мазмұнға негізделген халық ауыз әдебиеті, фольклорлық мұралар, экософиялық қиссалар мен ұлттық ойшылдардың еңбектерін кіріктіру оны мәдени-рухани кеңістікпен толықтырып, білім беру үдерісін ұлттық болмыспен сабақтастырады.

Мұндай интеграцияның маңыздылығы бірнеше бағытта көрініс табады. Біріншіден, ол оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіріп, мәтіндік интерпретация қабілетін дамыта отырып, ғылыми пайымдау деңгейін арттырады. Екіншіден, жобалық жұмыстар ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, өзінің тарихи-мәдени тамырына берік, тұлғалық тұтастығы қалыптасқан жас ұрпақты тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, бұл тәжірибе мұғалімдердің кәсіби дамуына, педагогикалық рефлексиясын тереңдетуге және мектеп мәдениетінде тұрақты оқу ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Философиялық тұрғыдан алғанда, Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген қағидасы, Жүсіпбек Аймауытовтың «Адам мінезінің қалыптасуына оқу мен тәрбиенің қатар әсер етуі – ұстаз еңбегінің ең биік нәтижесі» деген тұжырымы және Мағжан Жұмабаевтың «Тәрбиеден мақсұт – адамды һәм сол адамның ұлтын, асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу» деген ойы жобалық жұмыстардың мазмұндық-философиялық негізімен толық үйлесім табады. Бұл қағидалар білім мен тәрбиенің бөлінбес бірлігін көрсетіп қана қоймай, жобалық әдістің педагогикалық феномен ретіндегі іргелі негізін бекітеді.



Осы тұрғыдан алғанда, жобалық жұмыстар – оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастырып, білім сапасын арттырумен қатар, ұлттық болмысты сақтаудың және оны жаһандық өркениет талаптарына бейімдеудің тиімді құралы болып табылады. Мұндай феномен қазіргі заман мектебі үшін стратегиялық маңызы бар бағыт ретінде айқындалып, құзыретті, рухани-мәдени тамыры терең әрі заманауи қоғамда еркін бейімделе алатын тұлға қалыптастыруға жағдай жасайды.

## ӘДЕБИЕТ

[1] UNESCO. *Education 2030: Incheon Declaration and Framework for Action*. Paris: UNESCO, 2015 (updated 2020).

[2] OECD. *PISA 2022 Results (Volume I): The State of Learning and Equity in Education*. Paris: OECD Publishing, 2023.

[3] IEA. *PIRLS 2021 International Results in Reading*. Amsterdam: IEA, 2023.

[4] ҚР Оқу-ағарту министрлігі. *Біртұтас тәрбие тұжырымдамасы*. Астана, 2022.

[5] National Literacy Trust. *Annual Literacy Survey Findings*. London: NLT, 2020–2023.

[6] Lewis, C. *Lesson Study: A Japanese Approach To Improving Mathematics Teaching and Learning*. Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum, 2002.

[7] Lonka, K. *Phenomenal Learning from Finland*. Helsinki: Edita, 2018.

[8] ҚР Оқу-ағарту министрлігі. «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру бойынша әдістемелік-нұсқаулық материалдар. Астана, 2021.

[9] AEO NIS. *Annual Report 2023*. Астана: Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ, 2024.

[10] Vacca, R., Vacca, J., & Mraz, M. *Content Area Reading* (12th ed.). New York: Pearson, 2020.

[11] Singapore Ministry of Education. *STEM Applied Learning Programme: Overview*. Singapore: MOE, 2019.

[12] Estonian Ministry of Education and Research. *Digital Focus in General Education: Final Report*. Tallinn, 2020.

[13] Аймауытов Ж. *Психология*. Алматы: Раритет, 2017.

[14] Жұмабаев М. *Педагогика*. Алматы: Санат, 1992.

[15] Байтұрсынұлы А. *Тіл тағылымы*. Алматы: Ана тілі, 1992.

[16] Дулатов М. *Оян, қазақ!* Алматы: Жазушы, 1991.

[17] Құдайбердіұлы Ш. *Үш анық*. Алматы: Жазушы, 1991.

[18] Абай Құнанбайұлы. *Қара сөздер*. Алматы: Жазушы, 2014.

[19] Әл-Фараби. *Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары*. Алматы: ҒЫЛЫМ, 1975.

## REFERENCES

[1] UNESCO. *Education 2030: Incheon Declaration and Framework for Action*. Paris: UNESCO, 2015 (updated 2020).



- [2] OECD. PISA 2022 Results (Volume I): The State of Learning and Equity in Education. Paris: OECD Publishing, 2023.
- [3] IEA. PIRLS 2021 International Results in Reading. Amsterdam: IEA, 2023.
- [4] Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan. The concept of holistic education. Astana, 2022.
- [5] National Literacy Trust. Annual Literacy Survey Findings. London: NLT, 2020–2023.
- [6] Lewis, C. Lesson Study: A Japanese Approach To Improving Mathematics Teaching and Learning. Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum, 2002.
- [7] Lonka, K. Phenomenal Learning from Finland. Helsinki: Edita, 2018.
- [8] Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan. Methodological and instructional materials on the implementation of the project "school eager to learn". Astana, 2021.
- [9] AEO NIS. Annual Report 2023. Astana: Nazarbayev Intellectual Schools, 2024.
- [10] Vacca, R., Vacca, J., & Mraz, M. Content Area Reading (12th ed.). New York: Pearson, 2020.
- [11] Singapore Ministry of Education. STEM Applied Learning Programme: Overview. Singapore: MOE, 2019.
- [12] Estonian Ministry of Education and Research. Digital Focus in General Education: Final Report. Tallinn, 2020.
- [13] Aimautov Zh. Psychology. Almaty: Rarity, 2017.
- [14] Zhumabayev M. Pedagogy. Almaty: Category, 1992.
- [15] Baitursynuly A. language lessons. Almaty: native language, 1992.
- [16] Dulatov M. wake up, Kazakh! Almaty: Writer, 1991.
- [17] Kudaiberdiuly Sh. Almaty: Writer, 1991.
- [18] Abay Kunanbayuly. Words of edification. Almaty: Writer, 2014.
- [19] Al-Farabi. Views of benevolent city dwellers. Almaty: Science, 1975.

**Кусайын Л.С.**

## **ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ ЧТЕНИЯ НА ОСНОВЕ ПРОЕКТОВ**

**Аннотация.** Статья раскрывает теоретико-методологические и практические основания формирования культуры чтения в контексте проектного обучения. На основе международных исследований UNESCO Education 2030 [1], OECD PISA [2], IEA PIRLS [3] и казахстанских нормативных документов, включая «Единую концепцию воспитания» [4] и инициативу «Школа, стремящаяся к чтению» [8], обосновывается эффективность проектов в развитии читательской и функциональной грамотности. Приводятся данные трехлетнего мониторинга в школе-лицее №38 имени Алии Молдагуловой: рост доли учащихся, читающих дополнительно, улучшение интерпретации текста, рефлексии и ценностных ориентиров. Сопоставление с практиками Финляндии (phenomenon-based learning) [7], Японии (Lesson Study) [6], Эстонии и Сингапура демонстрирует универсальность подхода и его вклад в качество образования.



**Ключевые слова:** культура чтения; проектное обучение; ценностно-ориентированное образование; национальные ценности; функциональная грамотность; читательская грамотность; экософия; фольклор; Lesson Study; PISA; PIRLS; школьная библиотека.

**Kusayin Lyazzat**

## **THE FORMATION OF A READING CULTURE BASED ON PROJECTS**

**Annotation.** This article examines the theoretical, methodological, and practical foundations of developing a reading culture through project-based learning. Drawing on UNESCO’s Education 2030 [1], OECD PISA [2], and IEA PIRLS [3], as well as Kazakhstan’s policy documents—including the Unified Concept of Education [4] and the nationwide “Reading-oriented School” initiative [8]—the paper argues for the effectiveness of projects in improving reading and functional literacy. Three-year monitoring data from Aliya Moldagulova School-Lyceum No. 38 indicate increases in the share of students who read beyond the curriculum and improvements in text interpretation, reflection, and value orientations. Comparisons with practices in Finland (phenomenon-based learning) [7], Japan (Lesson Study) [6], Estonia, and Singapore highlight the universality of this approach and its contribution to education quality.

**Keywords:** reading culture; project-based learning; values-based education; national values; functional literacy; reading literacy; ecophilosophy; folklore; Lesson Study; PISA; PIRLS; school library.